

## Бақылау – өлшеу құралдары

Бағдарламаның аралық бақылауға арналған сұрақтары






**Пән атауы:** Латын тілі

**Пән коды:** LT2214

**Білім беру бағдарламасы:** 6В10115 «Медицина», 6В10116 - Педиатрия

**Оқу сағатының саны/кредиттер:** 1/30

**Оқу курсы мен семестрі:** I курс, 2 семестр

Құрастырған  аға оқытушы Темірова А.Е.  
Кафедра меңгерушісі, п.ғ.к.  Л.Б.Ибраева  
«»  2025ж. хаттама № 

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары	37/11 – ( ) 9 9 беттің 3-беті

### № 1-аралық бақылау сұрақтары

1. Латын тілінде неше дауысты бар?
2. Диграф дегеніміз не?
3. «U» әрпі қай морфемалық бөлшекте жазылады?
4. «C» әрпі қандай жағдайда [ц] болып оқылады?
5. «C» әрпі сөз соңында қалай оқылады?
6. «Charta» сөзі қалай оқылады?
7. Қазіргі латын әліпбиінде неше әріп бар?
8. «S» әрпі дауыстылар арасында қалай оқылады?
9. «Ngu» тіркесі [нгв] болып қай жағдайда оқылады?
10. Латын сөзінде екпін ешқашан қай буынға қойылмайды?
11. -ul, -ol жұрнақтарының буын сипаты қандай?
12. [Ф] дыбысы қандай әріптермен беріледі?
13. Қандай жағдайда екпін соңынан екінші буынға қойылады?
14. «Ti» буыны дауыстылар алдында қалай оқылады?
15. Дауыссыз «h» әрпі қай тілдегі дыбысқа ұқсас оқылады?
16. «Ae», «oe» тіркестері қандай жағдайда бөлек оқылады?
17. Қандай әріптер дауыссыздарға жатады?
18. «Z» әрпінің оқылуы қандай?
19. [X] дыбысын беретін әріп тіркесі қайсы?
20. «C» әрпі e, i, y және ae, oe алдында қалай оқылады?
21. «X» әрпінің оқылуы қандай?
22. Латын тілінде зат есімдерде неше септеу бар?
23. Латын тілінде зат есімдерде неше септік бар?
24. Зат есімнің сөздік формасында неше компонент болады?
25. Зат есімнің септелуі қай септіктің жалғауы арқылы анықталады?
26. Екінші септеу зат есімдері Gen. Sing. формасында қандай жалғауға аяқталады?
27. *Gutta, ae f* зат есімінің тегі мен септеуі қандай?
28. *Os, ossis n* зат есімі қай септеуге жатады?
29. Табыс септігі латын тілінде қалай аталады?
30. *Spiritus, us* зат есімінің тегі мен септеуі қандай?
31. *Semen, inis* үшінші септеу зат есімінің тегі қандай?
32. Бесінші септеудің Gen. Sing. жалғауы қандай?
33. Латын тілінде ілік септік қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады?
34. «Fructuum» сөзінің септеуі мен септігі қандай?
35. Gen. Plur. -ium жалғауы бар сын есім қайсысына жатады?
36. «Pulvis foliorum Menthae» тіркесінің мағынасы қандай?
37. I топ сын есімнің орта тегіндегі Nom. Sing. жалғауы қандай?
38. «Көк» сөзі латын тілінде қалай айтылады?
39. *Tabuletta, ae f* сөзінің Nom. Plur. жалғауы қандай?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары	37/11 – ( ) 9 9 беттің 4-беті

- 40.«Ampulla» сөзінде екпін неге «и» дыбысына түседі?
- 41.-in- жұрнағы қай жалғаулы сөздерде ұзақ болады?
- 42.Сын есімдер тобы нешеу?
- 43.Бірінші топ сын есімдерде неше жалғау болады?
- 44.«Таза» сөзі латын тілінде қалай беріледі?
- 45.*Semen, inis n* зат есімінің септеу типі қандай?
- 46.«Ақ шырыш» тіркесіндегі жалғау қалай аяқталады?
- 47.ІІІ септеуге жататын зат есімдердің тектері қандай?
- 48.*Cortex* зат есімінің негізі қалай анықталады?
- 49.А, о, и дауыстыларынан бұрын «с» әрпі қалай оқылады?
- 50.Егер соңынан екінші буындағы дауысты «х», «z» алдында тұрса, буын қандай болады?
- 51.-ur-, -at- жұрнақтары қандай буынға жатады?
- 52.«Qu» тіркесі қалай оқылады?
- 53.«Aqua» сөзінде неше буын бар?
- 54.«Amylum» сөзінде екпін қай буынға қойылады?
- 55.Егер соңынан екінші буындағы дауысты екі дауыссыздың алдында тұрса, ол буын қандай болады?
- 56.«Xti» тіркесі дауыстылар алдында қалай оқылады?
- 57.«Unguentum» сөзі қалай оқылады?
- 58.«Cito» сөзі қалай оқылады?
- 59.«Crataegus» сөзі қалай оқылады?
- 60.«Solutio» сөзінде неше буын бар?
- 61.«S» әрпі дауысты мен m, n арасында қалай оқылады?
- 62.[И] дыбысын қандай латын әріптері береді?
- 63.[Э] дыбысын қандай әріптер мен тіркестер береді?
- 64.[квинквэ] транскрипциясындағы латын сөзі қайсы?
- 65.«Jescir» сөзінің дұрыс транскрипциясы қандай?
- 66.Номенклатуралық атауларда жиі қолданылатын грек диграфтары қайсы?
- 67.Қандай жағдайда екпін соңынан екінші буынға түседі?
- 68.Егер соңынан екінші буында дифтонг болса, ол буын қандай болады?
- 69.Латын тілінде екпін соңынан үшінші буыннан кейін қойыла ма?
- 70.Екі буынды сөзде екпін қайда қойылады?
- 71.«Oe» тіркесі егер e үстінде екі нүкте болса, қалай оқылады?
- 72.[X] дыбысы қандай әріптермен белгіленеді?
- 73.«A», «e» алдында «su» тіркесі қалай оқылады?
- 74.[Гиосциамус] транскрипциясына сәйкес латын сөзі қайсы?
- 75.«J» әрпінің аталуы қандай?
- 76.«Sch» тіркесі қалай оқылады?
- 77.«K» әрпі қандай сөздерде қолданылады?
- 78.Егер дауыстыдан кейін дауысты келсе, буын қандай болады?

ONTÚSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары	37/11 – ( ) 9 9 беттің 5-беті

- 79.«Екпін» тақырыбындағы «—» белгісі нені білдіреді?
- 80.*Xero...ormium* сөзінде нүкте орнына қандай әріп жазылады?
- 81.*Vassae* сөзі қалай оқылады?
- 82.*Platy...yllinum* сөзінде нүкте орнына не жазылады?
- 83.V септеу зат есімдерінің Gen. Sing. жалғауы қандай?
- 84.Медициналық терминологияда неше септеу қолданылады?
- 85.Бірінші септеуге қандай зат есімдер жатады?
- 86.Зат есімде неше грамматикалық тек бар?
- 87.«Шақыру» септігі латын тілінде қалай аталады?
- 88.Зат есімнің сөздік формасында не жазылады?
- 89.Зат есімнің негізі қалай анықталады?
- 90.Латын зат есімдерінің грамматикалық тегінің белгісі не?
- 91.Nom. Sing. -um, -on жалғаулы зат есімдердің тегі қандай?
- 92.Фармацевтикалық терминдерге жататын сөздер қайсы?
- 93.Көпше түрі латын тілінде қалай аталады?
- 94.Nom. Sing. -a, Gen. Sing. -ae жалғаулы зат есімдер қай септеу бойынша септеледі?
- 95.IV септеу орта тек зат есімдерінде қандай жалғау болады?
- 96.Қиыспаған анықтауыш қай септікте тұрады?
- 97.Әйел текті зат есімдер қай септеулерде кездеседі?
- 98.Әйел тектің латынша атауы қандай?
- 99.Дауыссыздардың алдында «с» әрпі қалай оқылады?
100. Латын тілінде екпінге қатысты негізгі ереже қандай?

### Билет №1

Қызыл сүйек кемігін зерттеу, бірқатар қан ауруларын (қан түзу бұзылыстарын) диагностикалауда үлкен маңызға ие. Сүйек кемігін пункциялау - сүйек кемігінің функционалдық қабілетін зерттеу әдістерінің бірі. Сүйек қаңқасының механикалық және биологиялық қызметін атаңыз.

#### Сұрақтар

**Латын тілі:** Терминдердің латын нұсқасын беріңіз, қызыл сүйек кемігі, сүйек кемігін пункциялау, сүйек қаңқасы, мықын сүйегі, сүйек қуысы.

### Билет №2

Зардап шегуші жедел жәрдем бөлмесіне кеуденің оң жақ жартысының жөтелгенде, тыныс алғанда, қимыл-қозғалыс кезіндегі пайда болатын күрт күшейетін ауру сезіміне шағымданып келді. Ауырған жерді қолымен ұстап, баяу жүріп қозғалады. Бір сағат бұрын тайып құлап, тротуардың шетіне кеудесін соғып алған. Объективті: жағдайы орташа ауырлықта, кеуде клеткасының зақымданған жартысы тыныс алу кезінде қалыңқы, тынысы

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары	37/11 – ( ) 9 9 беттің 6-беті

беткей, жиілігі минутына 22 рет. Пульс 80 соққы/мин. Пальпация кезінде артқы қолтық асты сызығы бойымен 3-4-қабырға проекциясында өткір жергілікті ауырсыну анықталады, сонымен қатар ісіну және көгеру бар. Зерттеу әдістерін анықтаңыз.

**Сұрақтар**

**Латын тілі:** кеуде қуысы, қабырғалар, қабырғааралық бұлшықеттер, кеуде бұлшықеттері, оң өкпе, плевра, қабырға-омыртқа буыны.

**Билет №3**

Жол-көлік оқиғасы салдарынан жәбірленуші бетінің бүйір аймағынан жарақат алған. Рентгенограммада төменгі жақ сүйегінің айдаршықтық өсіндісінің мойын бөлігінің ұсақталған сынығы көрінеді.

**Сұрақтар**

**Латын тілі:** төменгі жақ сүйегі, айдаршықтық өсінді, төменгі жақ мойны, самай-төменгі жақ буыны, самай сүйегі.

**Билет №4**

Жас жігіт иық буынындағы ауру сезіміне шағымданып травматолог дәрігердің қабылдауына келді. Қарап тексергенде: науқас қолын денесіне қысып ұстайды, иық буыны аймағында деформация анықталады. Анамнезінен науқас жаттығу кезінде иық буынына доппен тікелей соққы алғаны анықталды. Рентгендік тексеруден кейін иықтың шығуы диагнозы қойылды. Неліктен иық буынының басқа қол сүйектерінің буындарына қарағанда шығып кетуге бейімділігін анатомиялық тұрғыдан түсіндіріңіз.

**Сұрақтар**

**Латын тілі:** иық буыны, тоқпан жілік басы, жауырынның буын ойысы, иық байламдары, жауырын.

**Билет №5**

Ер адам 23 жаста, палуан. Оң жақ шынтақ буынындағы қатты ауырсынуға, жалған патологиялық гиперэкстензияға(қалыптан тыс жазылу) шағымданады. Анамнезінен: қабылдауға келерден 20 минут алдын жаттығу кезінде жарақат алған, куәгерлердің айтуы бойынша оң жақ шынтақ буынының күштеп қалыптан тыс жазып алған. Қарап тексергенде: оң жақ шынтақ буынының аймағы пальпация кезінде қатты ауырады, иық буынын жазып көргенде 200 - 220 градусқа дейін қалыптан тыс жазылды (шынтақ буынында қалыпты жазылу 180 градус), сүйек сынықтарының крепитациясы (сықыр) анықталады. Дәрігер шынтақ буынындағы сыну екенін тұжырымдады.

**Сұрақтар**

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA          АКАДЕМИАСЫ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары	37/11 – ( ) 9 9 беттің 7-беті

**Латын тілі:** шынтақ буыны, тоқпан жілік, шынтақ сүйегі, кәрі жілік, буын беттері.

### **Билет №6**

Учаскелік педиатрға 2,5 жасар баласы бар әйел баланың дамуының артта қалуына шағымданып келді. Бала тұрмайды, жүрмейді. Қарап тексергенде: бала белсенді, басын жоғары көтеріп, өз бетімен отырады. Қолдарынан ұстағанда, қадамдар жасауға және аяқтарының ұшымен тез-тез жүруге тырысады. Өздігінен тұра алмайды, жүрмейді, тек тірегіштен ұстап тұрады. Педиатр балада физикалық және қозғалыс дамуының артта қалуын анықтады. Омыртқа бағанасының иілімдерін атаңыз.

#### **Сұрақтар**

**Латын тілі:** омыртқа жотасы, омыртқа иілімдері, омыртқааралық диск, омыртқааралық буын, жұлын, омыртқа өзегі.

### **Билет №7**

Суықтан кейін науқаста зардап шеккен жағында келесі белгілермен бет жартысының ымдау (мимикалық) бұлшықеттерінің салдануы дамыды: маңдай қатпарларының тегістелуі, көз саңылауының кеңеюі, ұрттарының салбырауы, езудің төмен түсуі, еріндерін мықтап жаба алмайды.

#### **Сұрақтар**

**Латын тілі:** мимикалық бұлшықеттері, бет бұлшықеттері, ауыздың дөңгелек бұлшықеті, бет жүйкесі, ерін, ұрт.

### **Билет №8**

Тізе буынының жарақатынан кейін науқаста сан сүйегінің айдаршығына қатысты сирақтың «алға-артқа» қозғалғыштығы дамыды. Бұл қандай анатомиялық құрылымдар тұтастықтың бұзылуын көрсетуі мүмкін?

#### **Сұрақтар**

**Латын тілі:** тізе буыны, сан сүйегі, сирақ сүйегі, айқаспалы (крест тәрізді) байламдар, ішкі мениск, сыртқы мениск, тізе тобығы.

### **Билет №9**

38 жастағы науқаста оң жақта шап аймағында шап байламы проекциясынан жоғары, пальпациялағанда жұмсақ-эластикалық, аз ауырсынатын, көлемі 8×5×5 см сопақша пішінді ісік тәрізді түзіліс анықталады. Осы түзілістің медиальды жағында қалындаған ұрық шылбыры пальпацияланады. Шап өзегінің беткей сақинасының диаметрі 3 см-ге дейін кеңейген. Горизонтальды қалыпта жатқанда пайда болған түзіліс құрсақ қуысына қайта енеді. «Жөтел түрткісі» (кашлевой толчок) симптомы оң.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары	37/11 – ( ) 9 9 беттің 8-беті

### Сұрақтар

**Латын тілі:** шап өзегі, шап байламы, беткей шап сақинасы, терең шап сақинасы, құрсақ қабырғасы.

### **Билет №10**

Білегінде жарасы бар науқасқа қан кетуді уақытша тоқтату үшін иықтың ортаңғы үштен бір бөлігіне жгут қойылды. Бірнеше минуттан кейін жгуттың орнында ауырсыну пайда болды және күшейе бастады. Кейін науқасты жарақат бөліміне жеткізген кезде қолы салбырап қалғаны байқалады. Науқаста кәрі жілік нервсінің қысылуы және соның нәтижесінде бұлшықет қызметінің жоғалуы анықталды. Бұл жағдайда қолдың қай бұлшықеттерінің функциясының бұзылуы (салдануы) пайда болды?

### Сұрақтар

**Латын тілі:** кәрі жілік нерві, тоқпан жілік, кәрі жілік нерві өтетін өзек, жазғыш бұлшықеттер, білек, үшбасты иық бұлшықеті.

### **Билет №11**

72 жастағы науқаста 10 сағат бұрын жөтел ұстамасы кезінде сол жақ шап аймағында қатты ауру сезімі пайда болды. Бұған дейін бірнеше ай бойы осы аймақтың ауырсынуы мазалаған, бірақ дәрігерге қаралмаған. Қарап тексергенде науқастың жағдайы орташа ауырлықта, іші орташа дәрежеде ісінген, іштің төменгі бөлігі, әсіресе сол жақта ауырсынады. Ішастардың тітіркену белгілері жоқ. Шап байламының астында диаметрі 4 см ауырсынумен жүретін, құрсақ қуысына қайта түспейтін түзіліс пальпацияланады, “жөтел түрткісі” (кашлевой толчок) анықталмайды. Қосымша зерттеу әдістерін анықтау.

### Сұрақтар

**Латын тілі:** сан сақинасы, сан өзегі, сан венасы, сан артериясы, лакунарлық байлам, құрсақ қабырғасы.

### **Билет №12**

Криминалистикада дактилоскопия - саусақ ізін алу әдісі арқылы адамның жеке басына анықтайды. Саусақ терісінің құрылысын талдаңыз және саусақ терісінің қандай құрылымдық элементтері жеке папиллярлық үлгіні түзетінін түсіндіріңіз және ол адам онтогенезінің қай кезеңінде өтеді?

### Сұрақтар

**Латын тілі:** тері, эпидермис, дерма, тері асты шелмай, бүртікті қабат, саусақ, тері бүртіктері.

### **Билет №13**

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары	37/11 – ( ) 9 9 беттің 9-беті

Науқас бас терісінің жекелеген бөліктерінің таздануымен шаштың түсуіне шағымданып клиникаға жүгінді.

**Сұрақтар**

**Латын тілі:** тері, шаш, шаш фолликуласы, май безі, тер безі, тырнақ, шашты көтеретін бұлшықет.

**Билет №14**

Науқас 45 жаста, тамақ ішкеннен кейінгі қыжылға, тамақтан кейінгі кеудедегі ауырлық пен қысымның пайда болуына, кеуде аймағындағы ауырсыну мен тыныс алудың қиындауына шағымдалып дәрігерге қаралды. Пальпация кезінде дәрігер іш көлемінің ұлғайғанын анықтады. Гастроэзофагоскопиядан өңештің төменгі бөлігі мен асқазанның кардиальды бөлігі диафрагма арқылы кеуде қуысына шығатыны анықталды. Биопсия материалын гистологиялық зерттеуі эпителий жасушаларының болуын көрсетті.

**Сұрақтар**

**Латын тілі:** диафрагма, өңеш, асқазан, кеуде қуысы, құрсақ қуысы, өңеш тесігі, асқазанның кардиальды бөлігі.